



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

04.09.2024 № 4 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 04  
қыркүйектегі қаулысы

Елорданың №№ 1,2 Индустримальық  
парктерінің инженерлік  
инфрақұрылымын жүргізуге  
бағытталған ақша қаражатын  
жұмсаудың тиімділігі туралы

Бланк серийлық номерін жарнамасын  
бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) Елорданың №№ 1,2 индустримальық парктерінің инженерлік инфрақұрылымын жүргізуге бағытталған ақша қаражатын жұмсаудың тиімділігіне қатысты ақпаратты тыңдал, талқылай отырып, мынаны атап өтеді.

«Астана қаласының отын – энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ құқықтық мұрагері және арнайы экономикалық аймақтардың (бұдан әрі – АЭА), индустримальық аймақтар мен индустримальық парктердің инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылатын «Астана қаласының энергетика басқармасы» ММ (бұдан әрі – Энергетика басқармасы) 2006-2021 жылдар аралығында кезеңде № 1 индустримальық паркінің құрылышына арналған республикалық бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан және жергілікті бюджеттен нысаналы трансферттен ақшалай қаражат бөлінді.

«Астана қаласының қаржы басқармасы» ММ ақпаратына сәйкес, 2021 жылды энергетика басқармасы жоғарыда аталған бағдарлама бойынша 22 738,2 мың теңге сомасында ақшалай қаражатты игермен және олар жергілікті бюджетке қайтаруға жататын.

2023 жылды «Астана қаласында № 2 индустримальық парк салу» инвестициялық жобасының техникалық-экономикалық негізdemесін түзетуге жергілікті бюджет қаражатынан «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Басқарма» ММ ақшалай қаражаты бөлінді. Осы жобаны аяқтауға жергілікті бюджеттен 2024 жылға арналған ақшалай қаражат қарастырылған.

Бүгінгі күні коммуналдық инженерлік желілердің аяқталуы 87%-ы құрайды, оның ішінде № 1 Индустріалық парктің аумағы 82%-ға нөсер көрізімен, 80% - ға шаруашылық-тұрмыстық көрізбен, қуаты 56,7 МВт «Шығыс пром-ауданы» қосалқы станциясымен және 7 тарату қосалқы станциясымен 100% - ға электрмен жабдықтаудың инженерлік желілерімен қамтамасыз етілген.

2023 жылы Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясы құрамына № 1, 2 индустріалық парктер кіретін арнайы экономикалық аймактардың басқарушы компаниялары болып табылатын «Astana Invest» инвестицияларды дамыту қалалық орталығы» ЖШС активтерін басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізді. Аудит нәтижелері бойынша, № 1 Индустріалық парктің инженерлік инфрақұрылымын салуды аяқтау аяқталмаған жобалар орын алған 3 жекелеген кезекті іске асыруды көздейтіні жөн:

1 кезек бойынша (жоба 2006 жылдан бастап іске асырылуда) ұзындығы 1,5 км желілері бар жолдың және жарықтандыру мен тазарту құрылышына арналған 7-ші трансформаторлық қосалқы станцияның құрылышы аяқталған жоқ;

2 кезек бойынша (жоба 2008 жылдан бастап іске асырылуда) Ақбұлақ өзенінің арнасы арқылы су өткізу құрылыштары бар жолдың құрылышы аяқталған жоқ;

3 кезек бойынша (жоба 2016 жылдан бастап іске асырылуда) 6 іске қосу кешенінен 4-і жүзеге асырылды (жылу, техникалық су), қалған 2 іске қосу кешені (5 және 6) 5 бақылау-өткізу пункттерінің құрылышын және желілері бар жолды көздейді.

Энергетика басқармасының мәліметінше, аяқталмаған жобалардың бір бөлігі іске асырылды, алайда толық орындалуы 2025 жыл ішінде жоспарланғанын айта керек.

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ ұсынған материалдарға, оның ішінде Астана қаласы әкімінің және оның орынбасарларының қатысуымен өткен Кенестердің хаттамаларына сәйкес жергілікті атқарушы орган № 1, 2 индустріалық парктердің проблемалық мәселелерін шешу бойынша жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар, Тұрақты комиссия тиісті атқарушы органдардың № 1 Индустріалық парктің инженерлік инфрақұрылымын салуды аяқтау, сондай-ақ АЭА парктерін дамыту және олардың аумағында тиімді жобаларды іске асыру жөніндегі жұмысты қүшеттігін атап өтті.

Бұдан басқа, Қарағанды облысының Саран қаласында автобустар мен тұрмыстық техника өндірісі жолға койылған индустріалық аймақты құру бойынша шет мемлекеттер мен ТМД елдерінің, сондай-ақ отандық, оның ішінде Қарағанды облысының Саран қаласының тәжірибесін назарға алу қажеттілігі бар.

Қалалық мәслихат депутаттары атап өткендей, АЭА участкесі инфрақұрылымының аяқталмауының салдары жобалардың тоқтап қалуы және әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылықтың болмауы болып табылады.

Депутаттар № 2 индустріалық паркті дамыту барысында кемшіліктерді болдырмая мақсатында Астана қаласында инвестицияларды дамыту стратегиясын әзірлеуді, АЭА аумағында инфрақұрылымды дамыту бойынша

жүргізілген жұмыстарға талдау жүргізуді және жіберілген кемшіліктерді есепке алуды қайта ұсынды.

Сонымен қатар, депутаттар № 2 Индустримальық парк аумағында инженерлік инфрақұрылымды салу жөніндегі жұмыстарды бірінші кезектегі тәртіппен аяқтау қажеттігіне қатысты және осыдан кейін ғана кәсіпорындарды іске қосуға көшу керек екенін атап өтіп ұсыныс енгізді.

Депутаттар атап өткендей, проблемалық мәселелердің бірі инженерлік желілерді коммуналдық кәсіпорындардың тенгеріміне берудің сапасыз процесі болып табылады. Мәселен, бірқатар ұйымдардың, соның ішінде Астана қаласы әкімдігінің «Астана Су арнасы» ШЖҚ МҚК-нің балансына жұмыс істемейтін немесе апатты жағдайда инженерлік желілер берілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. «Елорданың №№ 1,2 индустримальық парктерінің инженерлік инфрақұрылымын жүргізуге бағытталған ақша қаражатын жұмсаудың тиімділігі» тақырыбындағы акпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының энергетика басқармасы» ММ, «Астана қаласының активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ:

№ 1 Индустримальық парк аумағында инженерлік инфрақұрылымды аяқтау жөніндегі жұмысты күшайту;

инженерлік желілерді коммуналдық кәсіпорындардың тенгеріміне жарамды, ақаусыз, оның ішінде жабық көріз люктерін (халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында) беруді қамтамасыз ету;

кәсіпорындар іске қосылғанға дейін № 2 Индустримальық парк аумағында инженерлік инфрақұрылым салу жөніндегі жұмыстардың аяқталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

№ 2 Индустримальық паркті салу кезінде олардың алдын алу мақсатында № 1 Индустримальық паркті салу кезінде жіберілген қателіктерге талдау жүргізу және оларды есепке алу;

мәслихат депутаттарын АЭА аумағындағы №№ 1, 2 индустримальық парктерді және МЖӘ-нің өзге де жобаларын газбен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссияның және жұмыс топтарының құрамына енгізу;

№№ 1, 2 индустримальық парктердің аумақтарында инженерлік инфрақұрылым салуға және ақша қаражатын уақтылы игеруге жұмсалатын ақша қаражатын жұмсаудың тиімділігін қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ, «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС:

Астана қаласында, оның ішінде шетелден сарапшыларды тарта отырып, инвестицияларды дамыту стратегиясын қысқа мерзімде әзірлеу;

№№ 1 және 2 индустриялық парктер аумақтарында кәсіпкерлік ортаны дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмысты күшету;

шет мемлекеттердің, оның ішінде ТМД елдерінің, отандық индустриялық аймақтардың өндірістік қуаттарды салу, серпінді және «зәкірлік» жобалар өндірісін жолға қою бөлігіндегі тәжірибесін қарастыру.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
бюджет, экономика, өнеркәсіп  
және кәсіпкерлік мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының  
төрағасы**

**К. Адамбек**